**Автор**: Копбаева Гулдана
**Пән**: Биология
**Сынып**: 8-сынып
**Бөлім**: Координация және реттелу
**Тақырып**: Көру мүшесінің құрылысы мен гигиенасы

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 8.1.7.1 көруді қабылдаудың ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережесін сипаттау |
| Сабақтың мақсаты: | Көру мүшесінің құрылысы және қызметімен танысу Көру мүшесінің құрылысы және қызметімен танысып, гигиенасын үйрену. You will: -explore the features of visual perception |
| Тілдік мақсаттар: | Оқушылар жасайды:<br>Pupil- қарашық/ зрачок<br>lens-көз бұршағы/ хрусталик<br>iris-нұрлы қабық/радужная оболочка<br>complicated-күрделі/ сложный<br>transparent-мөлдір/ прозрачный<br>To blink-жыпылықтау/ моргать<br>Well-lit-жақсы жарықтандырылған/ хорошо освещенный<br>retina-торлы қабық/ сетчатка<br>Sclera-ақ қабықша/белковая оболочка<br>outermost-ең сыртқы/ самый внешний<br>contagious-жұқпалы/заразительный<br>To determine-анықтау, белгілеу/определять |
| Күтілетін нәтиже: | Оқушының жаңа тақырыпты толық меңгеруі. |
| Бағалау критерийлері: | Көру мүшесінің құрылысын және қызметін біледі. Көру мүшесінің құрылысын ажыратып, салыстырып тұжырымдайды. Көру мүшесінің құрылысын толық біледі, әрбір бөлігінің қызметін ажырата алады. Көру мүшесі адам үшін көздің маңызын түсінеді. Көру анализаторының құрылысын біліп, қабаттарын бірі-бірінен ажыратады. Көру мүшесінің қызметінің бұзылу себептерін болжайды |
| Құндылықтарды дарыту: | Құрмет көрсету, бірлесе жұмыс жасау, азаматтық жауапкершілік, еңбек және шығармашылық, үздіксіз білім алу. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Тақырыпты меңгеру үшін ақпаратты өздігінен іздеу. |
| Пәнаралық байланыс: | Медицина |
| Бастапқы білім: | Тік жүру |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5мин) | Ұйымдастыру кезеңі:<br>Сәлемдесу, түгелдеу, топқа бөлу зейіндерін сабаққа аудару (К) Мен ойын арқылы сынып оқушыларының білімін анықтай отыра топқа бөлемін.<br>1. Мойын омыртқа саны неше? 7 Ең бірінші мойын омыртқа не депаталады? Атлант<br>2.Ең қозғалмалы буындар неше осьті болады? 3 Буын деген не?<br>3.Бел омыртқаның саны? 5 Бел омыртқа қай кезде дами бастайды?Отыра бастаған кезде 4.Жетім қабырға нешеу? 2 Не себепі олай аталған?<br>5.Адам денесінде неше ұлпа бар? 4 Ұлпаларды ата<br>6. Омыртқада қанша иілім болады? 4 Гиподинамия деген не?<br>7.Гимнастикаға неше жастан бастап алады?5-7<br>Дескриптор: Өтілген тақырыптар бойынша нақты санмен берілетін сұрақтарды жаттайды, есте қалады. Осылай топпен отырғызып алып, жұмбақ жасыру Екеуі қатар тұрса да, Бірін-бірі көрмейді. Көз Сабақ тақырыбы мен мақсатын оқушылармен біріге ашу. | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы (30мин) | Жаңа сабақ: 1.Бейне сабақ тыңдату 3 минут<br><br><br>https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya-kk/adam-biologiyalyq-tur-retinde/sezim-musheleri/lesson/koz<br><br><br>2.Терминмен жұмыс 3 минут<br>3.Топқа тасырма беру<br>I топ: Көздің құрылысы мен қызметі.<br>II топ: Көрдің бұзылуы. Көз аурулары<br>III топ: Көз гигиенасы. Көз зақымданғанда көрсетілетін алғашқы көмек.<br>Дайындық 4 минут Әр топ 3 минуттан қорғайды 9 минут<br>Топтық сайыс: Арқан тарту Екі топ<br>1.Адам көру анализаторы арқылы қоршаған дүниеден (......90......) пайызкөп ақпарат алады.<br>2. Көздің қосымша мүшелері: қас, қабақ, .(кірпік..,қас, қабақ,.көз жасы бездері) жатады.<br>3. Көз алмасы (ақ қабық, тамырлы қабық және тор қабықтан) тұрады.<br>4. Көздің тор қабығында жарыққа сезімтал рецепторлар: құтышалар және ..(таяқшалар) орналасақан.<br>5. Көздің тор қабығындағы көру жүйкесі шығатын жерді (соқыр дақ )дейді.<br>6. Көздің ішкі бөлігі көздің пішінін сақтайтын мөлдір іркілдек затпен – (шыны тәрізді денемен) толтырылған.<br>7. Көзді емдейтін дәрігер – (окулист.)<br>8. Көз алмасының пішіні ......(шар.)..... тәрізді. Жеңген топпен үшінші топ топтық сайысқа түседі<br>Дескриптор:<br>Ойын барысында оқушылардың алған білімдері анықталып қате жерлері түзетіліп жаңа білім тағы да толықтырылады. Көз бөліктерін атайды Ағылшын тілінде терминдерді айта алады<br>Зертханалық жұмыс №11.<br>Тақырыбы:Көру қабілетін зерттеу<br>Мақсаты : Көру өткірлігі мен көру өрісін анықтауды үйрену.<br>Қажетті құрал -жабдықтар: Көрудің жітілігін анықтайтын кесте. (мектеп медбикесімен орындалатын жұмыс)<br>Орындалатын тапсырмалар: Жұмыс барысы<br>1.Бес метр қашықтықта бір оқушыны отырғызып, бір көзін жапқызу,<br>2.Жоғарыдан төмен қарай әріптерді нұсқармен көрсетіп оқыту<br>3. Оныншы қатарды дұрыс оқымаса окулистке көріну керектігін ескерту керек<br><br> | Интербелсенді тақта<br><br><br>Bilimlan.kz |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы (3мин) | Бекіту: Көз жаттығуын орындау «Көз - өмірдің айнасы» эссе жазып келу.<br>Үйге тапсырма: Көздің құрылысы | |
| Рефлексия (2мин) | Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізіледі<br>- не білдім, нені үйрендім<br>- не түсініксіз болды<br>- нені жетілдіру керек | |